

ӘОЖ 81'373.232.4

**ҚАЗАҚ – ҚЫТАЙ ҰЛТЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ МАҢЫЗЫ**

Меделова Әсем Асхатқызы

asemmedelova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қытай филологиясы кафедрасы
студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Тойбол Қарақат

Қазіргі таңда әрбір халықтың сөздік қатынастағы ерекшеліктері көптеген ғалымдардың назарында. Соңғы жылдарда тіларалық және мәдениетаралық қатынастардың ұлғаюына байланысты, тілі мен мәдениеті ұқсамайтын адамдардың арасындағы байланыс кезінде туындайтын кейбір мәселелерді тереңірек зерттеу қажеттілігі туып отыр.

Белгілі бір елдің тілінде жақсы сөйлей тұра, бірақ сол елдің сөйлеу мәдениетінің ұлттық дәстүрлерін, сөйлеу әдебін, әр түрлі әлеуметтік топтардағы қарым-қатынас ережелерін білмесе, ол сөйлеушінің көздеген мақсатына жетуінің кепілі бола алмайды.

Қазақ халқында көне заманнан отбасы идеологиясы маңызды рөл ойнады. Ағайын, туғанмен қарым-қатынасын жақсы ұстау, араздаспау, аралас-құралас өмір сүру қазақ халқының негізгі ұстанымы болды. Бұл да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, салт-санамызда күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік маңызын жоймаған тамаша дәстүріміз болып сақталып келе жатыр.

Қазақ халқы ертеден өзінің тілі мен дәстүрін қалыптастырған түркі тектес халық. Тіл ерекшелігі мен сөз мағынасы жағынан қазақ тілінің атаулары мен сөйлеу мәнері тұрғысынан әлемдегі ең бай тіл ретінде көрінді. Осы бай тілдің бір ерекшелігі, туыстық атаулардың түрі. Қазақы атаулардың мәні болмақ. Туып өскеннен қартайып әлі кеткенше уақыттағы атаулардың барлығы бір-біріне ұқсамайды. Бұл атауларды қазақ халқы үш үлкен топқа бөліп қарастырады. Оны жігіттің үш жұрты бар деп халық арасында тараған дәстүрлі сөз бар. Қазақта: «өз жұртың - күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың – міншіл» деген сөз бар. Бұл өзі халқымыздың ұзақ өмір тәжірибесінен алынған рас сөз.

Алдымен, біріншісі жігіттің өз жұрты. Мұнда жігіттің өз әке-шешесі, ата-әжесі іні-қарындасы, әпкесі деп басталып, әкесі жағынан туыстық атаулар жалғасын табады.

Екінші болып, жігіттің нағашы жұрты тұрады. Олар анасы жағынан туыстары. Нағашы ата әжесі, нағашы аға жеңгесі, нағашы әпке, бөлелері және т.б. Нағашы мен жиен туыстық жағынан мәңгі ажырамайтын тұлғалар. Анасын сыйлап, құрметтеген жігіт сол анасының туыстарында бір жұртым деп қадір тұтқан. Нағашылар да жиенді басынан сипалап, еркелете білген.

Соңғысы, жігіттің қайын жұрты. Ер жігіт отау құрып, серігін тапқаннан кейін оның жаңа жұрты, яғни қайын жұрты пайда болады. Олар әйелінің туыстары болып саналады. Ендеше сол қайын-жұрттың тармақтары қалай аталады, соған тоқтала кетейік.

Қайын ата – үйленген жас жұбайлардың әкесі. Ал екеуінің де анасы нақ осы тәртіппен қайын ене болады. Қалыңдықтың ағасы күйеу балаға қайын аға, әйелі жеңге, інісі мен сіңілісі балдыз, әпкесі қайынбике болады. Ағайынды адамдардың әйелі бір-біріне абысын болады. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» , -деген мақалда осы ағайынгершілікті меңзейді.

Міне, жігіттің үш жұртының қадір –қасиеті осындай. Осы үш жұртын мақтаныш ететін жігіт: «Туысым – бай, қайыным – бай, нағашым – бай ,Қайтып кедей қыласың, құдайым-ай!» - деп бой көрсетіп, көтеріңкі көңіл әуенін сездіреді. Осының өзінен-ақ қазақ халқының ағайын-туыс, бауырға деген мейірімі, қолы ашық жомарттығын аңғаруға болады. Халық дәстүрін сақтай білген жігіттің қайда барса да жүзі жарқын. Оны өз туыстары да, қайын жұрты мен нағашы жұрты да алақанға салып ардақтайды. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар». Ал егер жігіт айналасындағы ағайын-туғанының кім екеніне мән бермей дәстүрден аттаса, өз басын алып жүре алмайтын, әр істе табансыздық, тайғанақтық көрсетеін адам болмақ. Ондай азаматта береке де, бедел де болмайды.

Қытай халқы көне заманнан келе жатқан дәстүрі, мыңжылдаған тарихы бар көп ұлттың басын қосқан халық. Қытайларда отбасы құндылығын жете түсініп, туған-туыспен аралас өмір сүрген. Қазіргі таңда халық саны миллиардқа жеткен қытай ұлтының әлі күнге дейін салт-дәстүрін сақтауы, қытай ұлтының әдет-ғұрыпқа аса ерекше көңіл бөлгенінен аңғаруға болады.

Үлкенге ерекше құрмет көрсетіп, кішіні қамқорлаған қытай ұлты да олардың отбасыдағы рөлін жеке даралап бөліп көрсетеді. Олардың туыстық атауларыда үш топқа бөліп қарастырылады. Өз отбасы, әкесі жағынан туыстары және анасы жағынан туыстары. Бұл қазақ халқындағы «жігіттің үш жұрты» деп бөліп қарастыруымен ұқсастық табады. Алдымен, туыстық атаулар келесідей басталады. Яғни, 爸爸(Bàbà-әке), 妈妈(Māmā-ана), 爷爷(Yéyé-ата), 奶奶(Nǎinai- әже), 哥哥(Gēgē- аға), 姐姐(Jiějiě – әпке), 弟弟(Dìdì- іні), 妹妹(Mèimeī-сіңілі, қарындас). Қытай ұлтындағы туыстық атауларда қазақтардағы секілді бір-біріне ұқсамайтын болып келеді. Дегенменде, қытайлардың лингвистикалық ерекшелігі кілт сөздердің болуы. Яғни, адамдардың жасының үлкен немесе кіші, әйел адамға немесе ер адамға арналғанын айыра білу үшін иероглифтердің алдына жалғанатын сөздер. Мысалы, жасы үлкен ер адамдарға арналған туыстық атауларда 哥(gē-аға) иероглифі жалғанады. Оларға: 堂哥(Táng gē-немере аға), 表哥(biǎo gē-бөле аға) және т.б.

Әйел адамдарға арналған туыстық атауларда "女" (Nǚ)кілт сөзі жалғанады. Бұл иероглиф 婆婆(Pópo-қайын ене), 外婆(wàipó-нағашы әже), 儿媳(érxī-келін), 女婿(nǚxù-күйеу бала), 阿姨(āyí- тәте), 表姐(biǎojiě-бөле әпке), 表妹(biǎomèi-бөле сіңілі), 姐夫(jiěfū-жезде), 妹夫(mèifū-күйеу бала (анасы жақтан)), 外孙女(wàisūnnǚ-жиен немере қыз), 姨姐(yí jiě-қайын бике), 姨妹(yí mèi-балдыз), 嫂嫂(sǎosǎo-жеңеше(әкесі жақтан)), 孙女(sūnnǚ-немере қыз), 大姑子(dà gūzi- қайын әпке), 叔妹(shū mèi- қайын сіңілі) және т.б. , осылар секілді туыстық атауларда кездеседі.

Ата-бабамыздың салт-дәстүрінде ағайын – жек-жатпен сыйласу, үлкенге де, кішіге де мейірімді болу жігіт адамның бойындағы ізгі қасиет болып саналады. Жатты да жатырқамай, жақынды жанындай көретін, оларға хал-қаларынша қайырымдылық көрсететін азамат қашанда халық құрметіне бөленіп, жағымды жақсы мінезімен басқаларға үлгі-өнеге көрсеткен. Сол дәстүрді бүгінгі жастар одан әрі жалғастырып, келер ұрпаққа табыстай алса, нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ол өзінің үш жұртының алдындағы борыш-қарызын адал өтеген болады.

Ал, ер адамдардың жасының кішілігін білдіретін 弟 (dì) кілт сөзі қазақтардағы іні сөзінің баламасы болып табылады. Бұл кілт сөзде бірнеше туыстық атауларда жалғанып, іні болатынын көрсетіп тұрады. Бұндай мағыналы кілт сөздердің жалғану себебін түсіндіре кетсем. Жалпы, қытай халқының тілі бейнелі жазу түрінде қалыптасқан. Ал, қазақ тілі алфавиттік жүйеде. Бұл айырмашылық сөздердің құрылымына үлкен әсерін тигізеді. Өйткені иероглифтер өте көп. Әр жаңа сөзге, жаңа иероглиф құрастырылады. Сол себептіде, қытайша сөздерде олардың мағынасын анықтауға көмек беретін кілт сөздер жалғанып отырады.

Сөз кезегінде адамдарды атауға байланысты қаратпа сөздерге қысқаша тоқталсақ, жалқы есімдер, яғни адамның аты немесе фамилиясы қытай тілінде жиі кездесетін қаратпа сөздердің бірі болып табылады. Егер адресаттың фамилиясы бір ғана иероглифтен тұратын болса, онда аталған тұлғаға қаратпаның мынадай түрі қолданылады: фамилияның алдына 老(lǎo-қария) немесе 小(xiǎo-кішкентай) қосымша сөз қойылады. Мысалы, (lǎo, xiǎo)+фамилия:

lao Wang (Лао Ван). Мында 老(lao)жасы үлкен адамдарға қаратып қолданылса, 小(xiao) керісінше жасы кіші адамдарға қаратып айтылады. Сондай-ақ, зиялы қауым арасында тек 小(xiao) қолданылса, 老(lao) әдетте қызмет көрсету саласында, кәсіпорындарда жұмыс жасайтын жұмысшылар арасында қолданылады. Көк жағалы жұмысшылар 老(lao) қосымшасын тек өзара қатынаста қолданады. Бұл жағдайда «lao» адресаттың жасы үлкендігін меңземейді. Біраз жыл көріспеген достар бір-бірімен кездескенде де осы lao+фамилия формуласын қолданады.

Қытай тілінде туыстық қарым-қатынастан туындаған қаратпа сөздердің түрлері өте көп, әрі олардың өз ерекшеліктері бар. Ең алдымен ата-анаға қаратып айтылатын сөздерге тоқталатын болсақ, қытай тілінде ана 妈妈(mama) және әке 爸爸(baba) сөздеріне қосымша 老(lao) сөзі қосып айтылады. 老(lao) қосымша сөзі бұл жерде ата-анаға деген құрметті білдіреді. Қытай отбасында әрбір отбасы мүшесінің өз атауы, сәйкесінше қаратпа сөзі бар. Мысалы, әпке -姐姐(jiejie), сіңлі немесе қарындас-妹妹(meimei), аға - 哥哥(gege), іні -弟弟(didi) сияқты қаратпа сөздер қолданылады. Қытай тіліндегі кейбір туыстық қаратпа сөздер туыс емес адамдарға да қарасты жиі айтылады. Мысалы, 伯母(bomu –апай) сөзі әке жағынан туыс болып келетін апайына қаратып айтылатын сөз, бұл сөз сонымен қатар, анасымен жасты кез келген әйелге қаратып айтыла да береді. 阿姨(aui) –туыс апайына және бейтаныс апайға да қаратып қолданылады, 姨母(yi mu) –анасы жағынан туыс болып келетін апайына қаратып айтылады. 姑妈(guma) –әкесі жағынан туыс болып келетін апайына арнап айтылатын қаратпа, 伯父(bo fu) –әкесі жағынан туыс болып келетін ағайына қаратып айтылады, 叔叔(shu shu) – орта жастағы туыс ағайға және бейтаныс адамдарға қаратып қолданылады. Ата мен әжелерге арналған қаратпа сөздерға келетін болсақ: 爷爷(ye ye) - өз атасын осылай атайды, нағашы атасына 老爷(lao ye) деп, ал нағашы әжесін 姥姥, өз әжесін - 奶奶(nai nai) деп атайды.

Қытайда қаратпа сөздер адамдарды жасына, қоғамдағы орнына, қызметтегі лауазымына қарай бөлуге бейім келеді. Тілдің мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қаратпа сөздерді дұрыс қолдана білу арқылы адам адресаттың сөйлеушіге деген ойын, қарым-қатынасын жақсартуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Китайская философия: Энциклопедический словарь. М.: Мысль, 1994.573 с.
2. Zhang, Yanyin. Indirectness in Chinese requesting/ Yanyin Zhang// In G. kasper (ed.), Pragmatics of Chinese as Native and Target Language. Hawaii: University of Hawaii, SLTC,1995.